

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**

**Казахский национальный педагогический университет имени Абая**

**Abai Kazakh National Pedagogical University**

# **ХАБАРШЫ ВЕСТНИК**

**«Филология ғылымдары» сериясы**

**Серия «Филологические науки»**

**Series «Philological Sciences»**

**№3(93), 2025**

**Алматы**

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**

**Казахский национальный педагогический университет имени Абая**

**Abai Kazakh National Pedagogical University**

# **ХАБАРШЫ ВЕСТНИК**

**«Филология ғылымдары» сериясы**

**Серия «Филологические науки»**

**Series «Philological Sciences»**

**№3(93), 2025**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

**ХАБАРШЫ**  
«Филология ғылымдары» сериясы  
№3(93), 2025 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.  
2000 ж. бастап шығады.

**Бас редактор:**  
филол.г.д., проф. Абишева С.Д.

**Бас редактордың орынбасары:**  
филол. г. д., проф. Есенова К.У.

**Ғылыми редактор:**  
PhD, қауымд. проф. м.а. Сабинова Д.А.

**Редакциялық алқа:**  
филол. г. к., қауымд. проф. Жиренов С.А.  
филол. г. к., қауымд. проф. Сатемирова Д.А.  
филол.г.д., проф., Әл-Фараби ат. ҚазҰУ  
Джолдасбекова Б.У.  
пед.г.д., проф., әл-Фараби ат. ҚазҰУ  
Салханова Ж.Х.  
филол.г.д., проф., ҚазҰҚызПУ  
Кынова Ж.К.  
PhD, қауымд. проф.м.а., Т.Жүргенов ат.  
Қазақ ұлттық өнер академиясы  
Жалалова А.М.  
филол.г.д., доцент, Таулы Алтай  
мемлекеттік университеті  
Алексеев П.В. (Ресей)  
филол. г.д., проф., Ресей халықтар  
достығы университеті  
Бахтикереева У.М. (Ресей)  
филол.г.д., проф., Варминь-Мазур  
университеті Киклевич А.К. (Польша)  
PhD, проф., Джордж Вашингтон  
университеті Роллберг П. (АҚШ)  
PhD, проф., Орталық Ланкашир  
университеті Табачникова О.М.  
(Ұлыбритания)

**Жауапты хатшы:**  
PhD, қауымд. проф. м.а. Серикова С.К.

**Техникалық хатшы:**  
филол.г.к., қауымд. проф. Османова З.Ж.

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2025

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген №10109-Ж

Басуға 28.09.2025 қол қойылды.  
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 16.75 е.б.т.  
Тапсырыс 454.

050010, Алматы қаласы,  
Достық даңғылы, 13.  
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Ұлағат» баспасы

## МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ CONTENT

### ТІЛ БІЛІМІ ЛИНГВИСТИКА LINGUISTICS

- Алламуратова А.Ж., Алламуратова Г.Ж.,  
Таджибаева Д.М. Лингвоидеологический анализ  
оппозиции «воин – солдат» в мире «Атаки титанов»  
Хадзимэ Исаямы..... 5
- Алламуратова А.Ж., Алламуратова Г.Ж.,  
Таджибаева Д.М. Хадзимэ Исаяманың «Титандарға  
шабуыл» әлеміндегі «жауынгер – сарбаз»  
оппозициясының лингвоидеологиялық талдауы  
Allamuratova A.Zh., Allamuratova G.Zh.,  
Tadjibayeva D.M. Linguo-ideological analysis of the  
“warrior – soldier” opposition in the world of Attack on  
Titan by Hajime Isayama
- Ashimova M.G., Shukenai G.T., Chaltikenova L.A.  
Intertext in contemporary conversations: forms and  
functions..... 13
- Ашимова М.Г., Шүкенай Г.Т., Чалтикенова Л.А.  
Қазіргі әңгімелердегі интертекст: формалары мен  
функциялары  
Ашимова М.Г., Шүкенай Г.Т., Чалтикенова Л.А.  
Интертекст в современных разговорах: формы и  
функции
- Канафина З.Т. Эргонимы в спортивной сфере  
Казахстана: национально-культурные особенности и  
динамика номинации..... 21
- Канафина З.Т. Қазақстандағы спорт саласындағы  
эргонимдер: ұлттық-мәдени ерекшеліктері және  
номинация динамикасы  
Kanafina Z.T. Ergonyms in the sports sphere of  
Kazakhstan: national-cultural features and dynamics of  
nomination
- Kiklewicz A.K. Criteria of artistry..... 30
- Киклевич А.К. Көркемдік критерийлері  
Киклевич А.К. Критерии художественности

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК  
Серия «Филологические науки»  
№3(93), 2025 г.

Периодичность – 4 номера в год.  
Выходит с 2000 года.

Главный редактор  
д.филол.н., проф. Абишева С.Д.

Зам. гл. редактора  
д.филол.н., проф. Есенова К.У.

Научный редактор  
PhD, и.о.ассоц.проф. Сабирова Д.А.

Редакционная коллегия:  
к.филол.н., ассоц. проф. Жиренов С.А.  
к.филол.н., ассоц. проф. Сатмирова Д.А.  
д.филол.н., проф.,  
КазНУ имени Аль-Фараби Джолдасбекова Б.У.  
д.пед.н., проф., КазНУ имени Аль-Фараби  
Салханова Ж.Х.  
д.филол.н., проф., КазНУЖенПУ  
Книнова Ж.К.  
PhD, и.о.ассоц.проф. КазНАИ имени  
Т.Жургенова Жалалова А.М.  
д.фил.н., доцент, Горно-Алтайский  
государственный университет  
Алексеев П.В. (Россия)  
д.филол.н., проф., РУДН  
Бахтикереева У.М. (Россия)  
д.филол.н., проф., Варминьско-Мазурский  
университет Киклевич А.К. (Польша)  
PhD, проф., Университет Джорджа  
Вашингтона Роллберг П. (США)  
PhD, проф., Университет Центрального  
Ланкашира Табачникова О.М.  
(Великобритания)

Ответственный секретарь:  
PhD, и.о.ассоц.проф. Серикова С.К.

Технический секретарь:  
к.филол.н., ассоц. проф. Османова З.Ж.

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2025

Зарегистрировано  
в Министерстве культуры и информации РК  
8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 28.09.2025.  
Формат 60x84 1/8. Объем 16.75 уч-издл.  
Заказ 454.

050010, г. Алматы,  
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»  
Казахского национального  
педагогического  
университета имени Абая

Пашан Д.М., Жұманқызы А., Батырбекова К.А.  
Қазақ есімдерінің тарихи және заманауи қолданысы:  
элеуметтік-мәдени факторлар және статистикалық  
өзгерістер..... 36  
Пашан Д.М., Жұманқызы А., Батырбекова К.А.  
Историческое и современное использование казахских  
имён: социокультурные факторы и статистические  
изменения  
Pashan D.M., Zhumankyzy A., Batyrbekova K.A.  
Historical and modern use of Kazakh names: socio-cultural  
factors and statistical changes

## ӘДЕБИЕТТАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ LITERARY STUDIES

Адибаева Ш.Т., Абуова Б.П. Символика юрты в  
сборнике «Казахстанские сказки» Ю.Серебрянского:  
апробация методики социального чтения..... 49  
Адибаева Ш.Т., Абуова Б.П. Ю.Серебрянскийдің  
«Қазақстан ертегілері» жинағындағы киіз үй  
символикасы: элеуметтік оқылым әдістемесін  
апробациялау  
Adibayeva Sh.T., Abuova B.P. The symbolism of the yurt  
in Y.Serebriansky's "Kazakh Fairy Tales": testing the  
methodology of social reading

Alekseev P.V. The image of the Kazakh steppe in Annette  
Meakin's "A Ribbon of Iron" (1901)..... 56  
Алексеев П.В. Аннетт Микиннің «A Ribbon of Iron»  
(1901) еңбегіндегі қазақ даласының бейнесі  
Алексеев П.В. Образ казахской степи в травелог  
Аннетт Микин «A Ribbon of Iron» (1901)

Андасова М.М. Метаморфозы миров в «Кодзики  
(Записи о деяниях древности)»..... 66  
Андасова М.М. «Кожики» («Ежелгі заманның істері  
туралы жазбалар») шығармасындағы әлемдердің  
метаморфоздары  
Andassova M.M. Metamorphoses of worlds in "Kojiki"  
(Records of Ancient Matters)

Valieva Z.R. Russian-language literature progress in  
Kazakhstan..... 74  
Валиева З.Р. Қазақстанда орыс тіліндегі әдебиеттің  
дамуы  
Валиева З.Р. Развитие русскоязычной литературы в  
Казахстане

**Abai Kazakh National  
Pedagogical University**

**BULLETIN**  
**Series "Philological Sciences"**  
**No. 3(93), 2025.**

**Periodicity - 4 issues per year.**  
**Published since 2000.**

**Editor-in-chief**  
*Doctor of Philological Sciences, Professor*  
**Abisheva S.**

**Deputy Editor-in-chief**  
*Doctor of Philological Sciences, Professor*  
**Essenova K.**

**Scientific Editor**  
*PhD, Associate Professor* **Sabirova D.**

**Editorial board**  
*Candidate of Philological Sciences,*  
*Associate Prof.* **Zhirenov S.**  
*Candidate of Philological Sciences,*  
*Associate Prof.* **Satemirowa D.**  
*Doctor of Philological Sciences, Prof.,*  
*Al-Farabi Kazakh National University*  
**Dzholdasbekova B.**  
*Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.,*  
*Al-Farabi Kazakh National University*  
**Salkhanova Zh.**  
*Doctor of Philological Sciences, Prof.,*  
*Kazakh National Women's Teacher Training*  
*University* **Kiynova Zh.**  
*PhD, Associate Prof., T. Zhurgenov Kazakh*  
*National Academy of Arts* **Zhalalova A.**  
*Doctor of Philological Sciences, Prof., RUDN*  
**Bakhtikireeva U. (Russia)**  
*Doctor of Philological Sciences, Associate Prof.,*  
*Gorno-Altaysk State University*  
**Alekseyev P. (Russia)**  
*Doctor of Philological Sciences,*  
*Prof., University of Warmia and Mazury*  
**Kiklewicz A. (Poland)**  
*PhD, Prof., George Washington*  
*University* **Rollberg P. (USA)**  
*PhD, Prof., University of Central Lancashire*  
**Tabachnikova O. (The United Kingdom)**

**Executive Secretary**  
*PhD, Associate professor* **Serikova S.**

**Technical Secretary**  
*Candidate of Philological Sciences,*  
*Associate professor* **Osmanova Z.**

©Abai Kazakh National Pedagogical  
University, 2025

Registered in the Ministry of Culture and  
Information of the Republic of Kazakhstan  
8 May 2009 No10109-Zh/Ж

Signed in print 28.09.2025.  
Format 60x84 1/8. Volume 16.75  
teaching and publishing lists. Order 454.

050010, Almaty, Dostyk avenue 13,  
Abai KazNPU

Publishing House "Ulagat" of the Abai Kazakh  
National Pedagogical University

**Варга П.** Рудольф Штейнер и его учение в русской  
культуре рубежа XIX-XX веков: хроника становления  
антропософского общества в дореволюционной России.. 86

**Варга П.** Рудольф Штейнер және оның XIX-XX  
ғасырлар тоғысындағы орыс мәдениетіндегі ілімі:  
революцияға дейінгі Ресейдегі антропософиялық  
қоғамның қалыптасу шежіресі

**Varga P.** Rudolf Steiner and his teachings in Russian  
culture at the turn of the 19<sup>th</sup>-20<sup>th</sup> centuries: a chronicle of  
the formation of the anthroposophical society in pre-  
revolutionary Russia

**Қадыр Ә.** Абай Құнанбаев және Тейіпжан Әлиев..... 97

**Кадыр Ә.** Абай Құнанбаев и Тейіпжан Алиев

**Kadyr A.** Abai Kunanbayev and Teipzhan Aliyev

**Сабирова Д.А., Бай С.** Концептуальные основы  
изучения образа Казахстана..... 104

**Сабирова Д.А., Бай С.** Қазақстан бейнесін зерттеудің  
концептуалдық негіздері

**Sabirova D.A., Bai X.** Conceptual foundations for studying  
the image of Kazakhstan

**Сисенбай А.Ж., Кушкимбаева А.С., Абдрахманова Ж.М.**  
Диалог формаларының көркем дискурстағы  
функционалдық рөлі..... 113

**Сисенбай А.Ж., Кушкимбаева А.С., Абдрахманова Ж.М.**  
Функциональная роль форм диалога в художественном  
дискурсе

**Sisenbay A.Zh., Kushkimbayeva A.S.,**  
**Abdrakhmanova Zh.M.** The functional role of dialogue  
forms in literature discourse

## **ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ** **ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ** **PROBLEMS OF PEDAGOGY AND METHODOLOGY**

**Атембаева Г.А., Есетова А.Т., Бекбаева Д.Р.**  
Интеграция современных цифровых технологий в  
системе языкового образования..... 121

**Атембаева Г.А., Есетова А.Т., Бекбаева Д.Р.** Тілді  
білім беру жүйесіндегі қазіргі цифрлық  
технологияларды интеграциялау

**Atembayeva G.A., Yesetova A.T., Bekbayeva D.R.**  
Integration of modern digital technologies in the system of  
language education

**Біздің авторлар**..... 129

**Наши авторы**..... 131

**Our authors**..... 133

15. Miller D. (2000). *Soblaźnitel'nyj rozum: kak vybor polovykh partnerov povlijal na evoljuciju chelovecheskoj prirody* [The seductive mind: How sexual mate choice shaped the evolution of human nature]. Moskva. [in Russian]
16. Piekarska J. (2014). *Komizm mimowolny w komunikacji dzieci z niepełnosprawnością intelektualną*. Językoznawstwo: współczesne badania, problemy i analizy językoznawcze, 8, 63-73. [in Polish]
17. Fieguth R. (1983). *O poetyckim znaczeniu nieznacznego*. Wiersz Norwida “Dwa guziki (z tyłu)”. *Studia Norwidiana*, 1, 89-103. [in Polish]
18. Konicka H. (2008). *Przeżycie literackie w dobie kultury medialnej*. Kognitywistyczne przesłanki komunikacji. *Teksty Drugie*, 3, 166-173. [in Polish]
19. Potocka M.A. (2007). *Estetyka kontra sztuka*. Kompromitacja założeń estetycznych w konfrontacji ze sztuką nowoczesną. Warszawa. [in Polish]
20. Kajtoch W. (2015). *Szkice polonistyczno-rusycystyczne*. Olsztyn. [in Polish]
21. Karpukhin S. (2024). *LiveJournal post*. Retrieved from <https://karpukhins.livejournal.com/84059.html> [in Russian]
22. Mukarovsky J. (1966). *Studie z estetyki*. Prague. [in Polish]
23. Lotman Yu.M. (1970). *Struktura khudozhestvennogo teksta* [The structure of the fiction text]. Moskva. [in Russian]
24. Kunz T. (2019). *Więcej niż słowa*. Literatura jako forma istnienia. Kraków. [in Polish]

XFTAP 16.21.61

10.51889/2959-5657.2025.93.3.005

Пашан Д.М.<sup>1</sup>  , Жұманқызы А.<sup>2</sup>  , \*Батырбекова К.А.<sup>3</sup> 

<sup>1,2</sup>Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
Алматы, Қазақстан

<sup>3</sup>М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті  
Шымкент, Қазақстан

e-mail: [pashan\\_dan@mail.ru](mailto:pashan_dan@mail.ru)

e-mail: [altyn.zhumanova02@mail.ru](mailto:altyn.zhumanova02@mail.ru)

\*e-mail: [kamshat.batyrbek@mail.ru](mailto:kamshat.batyrbek@mail.ru)

## ҚАЗАҚ ЕСІМДЕРІНІҢ ТАРИХИ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ҚОЛДАНЫСЫ: ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ФАКТОРЛАР ЖӘНЕ СТАТИСТИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

### Аңдатпа

Кез-келген тілдегі белгілі бір лексикалық категорияны сипаттайтын жалқы есімдердің барлық түрін ғылыми зерттеу қазіргі таңда жалпыға бірдей танылды. Әлемдік тіл білімінің заманауи даму кезеңі ономастикалық ізденістердің жедел өсуімен сипатталады. Себебі ономастика бойынша зерттеулер археология, әлеуметтану, тарихи география сияқты ғылымдардың сұрақтарына жауап береді. Соңғы жылдары антропонимлер лингвистикалық нысан ретінде лингвист мамандардың назарын көп аударуда. Сондықтан қазақтардың антропонимиясына үңілу ұлттық әлеуметтік-лингвистикалық ортаның бір саласын зерттеумен парапар. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты қазақтардың заманауи антропонимикалық жүйесінің күйі жауап бере алатын сұрақтар тізбегіне жауап іздеу қажеттілігінен туады. Қазақ есімдерінің тарихи-лингвистикалық, статистикалық, әлеуметтік түрде талдануының міндеттері келесідей нақтыланады: қолда бар антропонимикалық материалды жинау, өңдеу; заманауи қазақ есімдерінің қалыптасуының тарихын, ерекшеліктерін көрсету, антропонимикалық жүйенің соңғы бес жылдықтағы даму

динамикасын қарастыру. Зерттеу жұмысының тақырыбын ашу кезінде тіл білімінің жалпы методологиялық принциптері, белгілі ономасттардың теориялық еңбектері негіз болды. Авторлар зерттеу барысында ономастикалық ғылымның қолданатын барлық дерлік әдістеріне жүгінді. Соның ішінде, бақылау, сипаттау, құрылымдық-этимологиялық тарихи-салыстыру талдау әдістері қолданылды. Жұмыстың маңыздылығы оның түркі ономастикасының дамуына қосатын үлесімен сипатталады. Нәтижелер қазақ антропонимикасына қосымша мәліметтер енгізу септігін тигізеді. Статистикалық мәліметтер ұлттық білім мен ұлттық тілдің қалыптасу үдерістері жөнінде лингвисттар мен әлеуметтанушыларға қорытынды жасауға жақсы. Сонымен қатар, оқулықтар, сөздіктер, оқу әдістемелерін жасаған кезде де мақаладағы нәтижелерді қолданса болады.

**Түйін сөздер:** ономастика, әлеуметтік-мәдени фактор, статистика, антропонимика, лексикалық категория, түркі ономастикасы, әлеуметтік лингвистика

**Алғыс:** Бұл зерттеу ҚР ҒЖБМ ҒК-нің қаржыландыруымен ЖТН BR20280984 «Қазақ тілінің жаңғыру әлеуеті: жаңартпалар <лат. innovation>, үрдістер мен үдерістер» атты іргелі ғылыми зерттеу аясында әзірленді.

Пашан Д.М.<sup>1</sup> , Жуманкызы А.<sup>2</sup> , \*Батырбекова К.А.<sup>3</sup> 

<sup>1,2</sup>Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынова  
Алматы, Казахстан

<sup>3</sup>Южно-Казахстанский университет им. Ауэзова  
Шымкент, Казахстан

e-mail: [pashan\\_dan@mail.ru](mailto:pashan_dan@mail.ru)

e-mail: [altyn.zhumanova02@mail.ru](mailto:altyn.zhumanova02@mail.ru)

\*e-mail: [kamshat.batyrbek@mail.ru](mailto:kamshat.batyrbek@mail.ru)

## ИСТОРИЧЕСКОЕ И СОВРЕМЕННОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КАЗАХСКИХ ИМЕН: СОЦИОКУЛЬТУРНЫЕ ФАКТОРЫ И СТАТИСТИЧЕСКИЕ ИЗМЕНЕНИЯ

### Аннотация

Научное изучение всех видов имен собственных, характеризующих определенную лексическую категорию в любом языке, в настоящее время общепризнано. Современный этап развития мирового языкознания характеризуется ускоренным ростом ономастических поисков. Это связано с тем, что исследования ономастики отвечают на вопросы таких наук, как археология, социология, историческая география. В последние годы антропонимы как лингвистическая форма все больше привлекают внимание лингвистов-специалистов. Поэтому погружение в антропонимию казахов является парадигмой изучения одной из областей национальной социолингвистической среды. Основная цель исследовательской работы состоит в том, чтобы состояние современной антропонимической системы казахов исходило из необходимости поиска ответов на ряд вопросов, на которые они могли бы ответить. Задачи тарийско-лингвистического, статистического, социального анализа казахских имен уточняются следующим образом: сбор, обработка имеющегося антропонимического материала; отражение истории, особенностей формирования современных казахских имен, рассмотрение динамики развития антропонимической системы за последние пять лет. В раскрытии темы исследовательской работы были заложены общие методологические принципы языкознания, теоретические труды известных ономастов. Авторы обратились почти ко всем методам, которые ономастическая наука использует в своем исследовании. В том числе применялись методы наблюдательного, описательного, структурно-этимологического историко-сравнительного анализа. Важность работы характеризуется ее вкладом в развитие тюркской ономастики. Результаты будут

способствовать внедрению дополнительных данных в казахскую антропонику. Статистические данные хороши для того, чтобы сделать выводы лингвистам и социологам о процессах формирования национального образования и национального языка. Кроме того, при создании учебников, словарей, методик обучения можно использовать результаты, содержащиеся в статье.

**Ключевые слова:** ономастика, социокультурный фактор, статистика, антропонику, лексическая категория, тюркская ономастика, социоллингвистика

*Pashan D.M.*<sup>1</sup> , *Zhumankyzy A.*<sup>2</sup> , *\*Batyrbekova K.A.*<sup>3</sup> 

<sup>1,2</sup>*Akhmet Baitursynov Institute of Linguistics  
Almaty, Kazakhstan*

<sup>3</sup>*Auezov South Kazakhstan University  
Shymkent, Kazakhstan*

*e-mail: pashan\_dan@mail.ru*

*e-mail: altyn.zhumanova02@mail.ru*

*\*e-mail: kamshat.batyrbek@mail.ru*

## **HISTORICAL AND MODERN USE OF KAZAKH NAMES: SOCIO-CULTURAL FACTORS AND STATISTICAL CHANGES**

### *Abstract*

The scientific study of all kinds of proper names that characterize a particular lexical category in any language is now universally recognized. The modern stage of development of World linguistics is characterized by the rapid growth of onomastic searches. This is because research on onomastics answers questions from sciences such as archeology, sociology, historical geography. In recent years, anthroponyms as a linguistic object have been attracting more and more attention of linguists. Therefore, looking at the anthroponymy of Kazakhs is a parapar with the study of one of the areas of the national socio-linguistic environment. The main goal of the research work is the need to find answers to a series of questions that the state of the modern anthroponymic system of Kazakhs can answer. The tasks of tarii-linguistic, statistical, social analysis of Kazakh names are as follows: collection, processing of available anthroponymic material; reflection of the history, features of the formation of modern Kazakh names, consideration of the dynamics of the development of the anthroponymic system over the past five years. When revealing the topic of the research work, the general methodological principles of linguistics, the theoretical works of well-known onomasts were taken as the basis. In the course of the study, the authors turned to almost all the methods used by onomastic science. In particular, methods of observation, description, structural and etymological historical and comparative analysis were used. The significance of the work is characterized by its contribution to the development of Turkic onomastics. The results will contribute to the introduction of additional information into Kazakh anthroponymy. Statistical data are good for linguists and sociologists to draw conclusions about the processes of National Education and formation of the national language. In addition, when creating textbooks, dictionaries, and teaching methods, you can use the results of the article.

**Keywords:** onomastics, socio-cultural factor, statistics, anthroponymics, lexical category, Turkic onomastics, sociolinguistics

**Кіріспе.** Қазақ халқы шыр етіп дүние есігін ашқан сәбиге арналып жасалатын әдет-ғұрып, міндеттерді бұлжытпай, мұқият орындауға тырысқан. Сондай ғұрыптардың бірі – сәбиге есім қою. Қазақ халқының даласында есім баланың болашағына әсер етеді деген көзқарас бар. Сондықтан, сәбиге ат таңдау кезінде ертеден бері есімнің шығу тарихына, мән-мағынасына аса назар аударады. Қазақ лингвистерінің де лингвистиканың ішінде жалқы есімдерді зерттейтін ономастика саласына көп көңіл бөлетіндері осыдан.

Ономастика кез-келген жанды немес жансыз заттардың не құбылыстардың есімін зерттейді. Грек тілінде «ономастика» – «ат қою өнері», яғни атауларды зерттейтін ғылым саласы деп аударылады. Ономастиканың күрделі саласы – антропонимика. Антропонимика кісі аттары, әке аттары, адамның тегі, дақап аттарды зерттейді. Қазақ мәдениетіндегі антропонимика ғылымының заманауи кісі есімдеріне қатысты дамуы, кеңеюі жұмыстың өзектілігін айқындайды. Қазақ ономастикасы жөнінде бөлек зерттеулер XX ғасырдың 60-70 жылдары пайда бола бастады. Т.Ж. Жанұзақов, О.А. Султаньяев, К.Есбаева, Е.А. Керимбаев еңбектерінде қазақ антропонимикасы лексика-семантикалық сипат бойынша жіктеліп, тарихи, этномәдени шығу тарихтары зерттелген [1].

Алайда, қазіргі таңда жинақталған ақпараттарды, тарихи мәліметтерді, еңбектерді жалпылайтын, жүйелейтін XIX ғасырдағы қазақ есімдерінің даму динамикасын көрсететін жұмыстар жоқтың қасы.

Қазақ есімдері XX ғасырдың 20-жылдары мен XXI ғасырға дейін көптеген ауысуларға тап болды. Жаһандану үдерістері мен халықтардың интеграциясы қазақтардың антропонимиясының тілаларлық кеңістікте өз колоритті ерекшеліктерін сақтай отыра бейімделуге тырысқанын көрсетеді. Қазіргі заманауи қазақ есімдерінің сан жағынан мол болуы ғана емес, құрамы мен құрылыс жағынан да сан алуан болуы көп кездеседі. 1968 жылдың өзінде ономаст ғалым Т. Жанұзақов “Қандай есімді ұнатасыз?” еңбегінде қазақ есімдерінің көптірлілігін ашып көрсеткен [2].

Әр халықтың тіл білімінде антропонимия ғылыми жан-жақсы зерттелген. Мысалы, Э.А. Бегматовтың “Өзбек есімдері, Г.Ф. Саттаровтың “Татар есімдері, Ю.М. Гусеваның “РСФСР халықтарының есімдері, О. Мирзаевтың “Әзірбайжан есімдері, Ортиков Р. мен Калонтаев Я.-ның “Тәжік есімдерінің емлесі” атты еңбектері түркі халықтарының антропонимикасын тереңнен зерттеуге үлестерін тигізеді [3]. Зерттеу жұмысының міндеттері:

- антропонимикалық материалды жинау, өңдеу, жүйелеу;
- антропонимикалық жүйенің құрылу мен қалыптасу ерекшеліктерінің тарихын көрсету;
- соңғы жылдардағы қазақ есімдерінің өзгеріс динамикасын көрсету;
- заманауи есімдердің қалыптасуына әсер еткен әлеуметтік-мәдени факторларды жүйелеу.

**Әдістер мен материалдар.** Зерттеу жұмысының тақырыбын ашу кезінде тіл білімінің жалпы методологиялық принциптері ескеріліп, Баскаков Н.А., Зинина С.И., Никонова В.А., Подольский Н.В., Саттарова Г.Ф., Жанұзақов Т., Мұсаев К.М. ғалымдарының теориялық тұжырымдамалары негіз болды. Бодуэн де Куртен И.А. “тілде барлығы қозғалады, бәрі ауысады”, “жалқы есімдерді әртүрлі дәуірлерге ажырата алу керек” деген пікіріне сүйене отырып жұмыстың міндеттері халық тарихы мен динамикасының жақын байланысы түрінде қарастырылды. Мақаладағы зерттеу адам есімдерінің белгілі бір дәуірге жататынын зерттеу ономастикалық материалдың инвентаризация әдісін қолдануды қажет етті. Тарихи-салыстырмалық, статистикалық талдау секілді әдістер заманауи қазақ есімдеріне талдау жасауда көмектесті.

Ұлт болмысының көрінісі іспеттес антропонимиканың пайда болу, қалыптасу, даму кезеңдері өте күрделі үдеріс. Мұндай кезеңдерден қазақ есімдері де өткені айдан анық. Себебі жалпытүркі халықтары үлкен толқулардан, тарихи жағдаяттардан, саяси-экономикалық тербелістерді бастан өткерген этностың бірі. Түркі халықтарының антропонимикасы көне дәуірден бері қарай бірнеше кезеңдерге бөлінеді. Қазақ антропонимикасы Т. Жанұзақовтың еңбегі бойынша 5 дәуірді қамтиды [3]:

- I дәуір – көне түркі заманы;
- II дәуір – орта ғасырлар;
- III дәуір – 17-19 ғасыр аралығы;
- IV дәуір – Қазақ революциясынан кейінгі Кеңес үкіметінің заманы.

Ұ.А. Мұсабекова аталған төрт кезеңге бесінші кезең ХХ ғасырдың 90-жылдарынан бергі тәуелсіздік уақытын қосады. Бұл жіктелу логикалық көзқарас бойынша дұрыс саналады. Түркітанушы ғалымдарының жіктелуіне назар салсақ, олар тайпа атауларымен байланыстырады. Н.А. Баскаков түркі тілдері антропонимикасын былайша ажыратады [5]:

- алтай дәуірі;
- ғұн дәуірі;
- көне түркі дәуірі;
- орта түркі;
- жаңа түркі;
- ең жаңа дәуір.

Алтай дәуіріндегі есімдерге Еділ, Томирис, Шу батыр, Алып Ер Тұңға, Мөде сияқты есімдер тән. Көне түркі дәуіріне Бумын, Білге, Тоныкөк, Күлтегін сияқты сол кезеңдегі батырлардың, хандардың есімдерін жатқызамыз. Ы.Ұ. Тұранов жұмысында [5] орта түркі дәуірін исламдық өркениет кезеңі, орда дәуірі деп қарастырған. Исламдық өркениет кезеңі, яғни орта түркі дәуірінде тіліміз араб және парсы мәдениетінен енген сөздермен байытылған. Сондықтан, Мәдина, Фатима, Гаухар, Дүрия, Шерәлі, Ахмет, Жүсіп, Иса, Мұхаммед, Мұстафа, Ибраһим, Зибә, Рахметолла, Нығметолла сияқты есімдер жатады. Орда дәуірі деп Шыңғысхан империясының билік еткен кезеңі мен қазақ халқының толысу дәуірінің аралығын жатқызамыз. Шона, Ойрат, Сайын, Баян, Ноян, Сардар есімдері осы кезден бастау алады. 15-19 ғасырларды қамтитын аралықта Жәнібек, Әйгерім, Абылай, Ақтамберді, Тәуекел, Қазыбек, Қобыланды, Қасым, Жомарт, Махамбет, Ақан, Төле, Тоғжан есімдері жатады.


Интеллектуалдық ояну орын алған кезеңде 20-ғасырдың басында ұлттық сауаттанумен қатар ұлттың отарлануы да қатар жүріп жатқан еді. Бұл кезеңде Болыс, Мәриям, Мәрия, Роза, Советбек сынды есімдер кеңге жайылды. Тәуелсіздік кезеңінде мемлекетіміз басқа елдермен мәдени, сауда байланыстарын орнатты. Соның арқасында өркениет те, менталитет те дамыды. Қазақ халқы балаларына бұрынғы тарихи тұлғалардың есімдерімен қатар, Еуропадан келген есімдерді қоя бастаған еді. Мысалы, Әнел, Элеанор, Атилла, Алпамыс, Жанна және т.б.

Қазақ тіл біліміндегі есімдер байырғы қазақи мәдени-тарихи өмірдің бейнесін айқын көрсетеді. Антропонимдерге 1-кестедегідей жіктелу тән. Балаларға ат қою кезінде әдет-ғұрыппен қатар ырым тыйымдар да қатар жүрген. Мысалы, тіл-көз тимесін, жын-шайтаннан сақтау наным-сенімімен балаларға Күшікбай, Жаманбала, Көтібар, Ақбұт сияқты шорактау естілетін есімдер берген.

Кесте 1. Қазақ есімдерінің лексика-семантикалық топтарға жіктелуі

|                                                                |                                                    |
|----------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------|
| Мал шаруашылығымен байланысты есімдер:                         | Бота, Бұқа, Аққозы., Құлыншақ, Жылқыбай, Қозы т.б. |
| Табиғат құбылысымен байланысты есімдер:                        | Таубай, Боран, Толғанай, Айым т.б.                 |
| Аңдар мен үй хайуанаттары және құстармен байланысты есімдер:   | Арыстан, Түлкібай, Лашын т.б.                      |
| Асыл металдар мен қымбат заттар атауларына байланысты есімдер: | Алтын, Болат, Маржан т.б.                          |
| Өсімдік аттарына байланысты:                                   | Қызғалдақ, Райхан, Раушан, Гүлжан т.б.             |
| Жеміс-жидек атауларымен байланысты:                            | Алма, Мейіз, Анар, Жаңғақ т.б.                     |
| Туыстық атаулармен байланысты:                                 | Атабек, Баба, Туғанбай, Жиенбай т.б.               |
| Жер-су аттарына қойылған есімдер:                              | Алатау, Еділ, Орал, Алтай т.б.                     |
| Түрлі тағам аттарына байланысты есімдер:                       | Айранбай, Шырынбай, Шекер, Сүттібай т.б.           |
| Үй-жиһаздарымен, мүліктерге байланысты:                        | Шара, Табақбай, Айнагүл т.б.                       |

Қазақтардың есімдерінің тағы бір тобы баланы жақсылыққа жетелеу мақсатында арман, тілек, мақсаттармен байланыстырылады. Бұл есімдердің тобы барлық дәуірлерде кездеседі. Мысалы, Батыр, Арыстан, Әсем, Көркем, Бақыт, Дәулет, Ботагөз, Мыңжасар, Ақыл және т.с.с. Ал есімдердің соңына “бек, хан, би, бегім, хан, сұлтан, бай, төре” компоненттерін қосу орта ғасырлар тарихының оқиғаларынан кейін көп орын алып, Кеңес үкіметі кезінде бәсеңдеп қалды (сурет 1). Ал қазіргі таңда бұл компоненттер қайта сәнге айналған.



Сурет 1. 1927-2021 жылдары аралығындағы ер адамдардың арасында таралған жалғаулар

**Нәтижелер және талқылау.** Антропонимиканы халықтың тарихын зерттеусіз, ұлттық өзіндік танымның спецификалық ерекшеліктерін білмей, этностың пайда болуының әлеуметтік, геополитикалық шартын түсінбей зерттеу мүмкін емес. Соңғы жылдардағы анықтаушы фактор ретінде төмендегі төрт түсінік қызмет етеді.

Бірінші фактор, қазақ тілінің түркі тілдер тобына жататындығы. Бірақ, түркішілдік қазақтардың өзіндік танымында абстракты ұғым болып саналады. Екінші фактор, ислам діні. Үшінші фактор көшпенділік өмір салты. Бұл қазақ халқының санасында эмоционалды және терең психологиялық орын қалдырды. Ол өзіндік ерекше батысқа да, шығысқа да жатпайтын, орталық-еуропалық феномен іспеттес. Төртінші элемент – халықтың жермен байланысы. Аталған факторлардың әсерінен қазіргі таңда ұлттық тіл өзіндік лейбл түрінде нәтиже көрсетеді.

Антропонимикалық жүйенің қалыптасуына материалды және рухани мәдениет те өз әсерін тинізді. Мәдениет – қоғамның материалды, рухани дамуының жетістіктерінің жиынтығы, адам мен табиғаттың әрекеттесуінің нәтижесі. Табиғат адамға мәдениетті құруға қажетті материалдың қорын береді. Сондықтан, қазақ есімдері белгілі бір кезеңдегі оқиғамен, мәдениетпен байланысты.

Қазақтардың материалды мәдениеті тамырын өте тереңге жаяды. Қазақстандағы адамдардың алғашқы іздері ерте палеолит дәуіріне жататыны белгілі. Оған дәлел Тараз қаласының маңынан табылған Тәңірқазан, Бөріқазан тұрақтары. 6 ғасырдың алғашқы жартысында тайпалар қалыптаса бастады. Түрік қағанаты-Батыс-түркі қағанаты- Қарлұқ қағанаты- Оғыз мемлекеті- Қимақтар мен қыпшақтардың мемлекеті-Қараханидтер мемлекеті- біздің уақыт заманауи қазақ тілінің антропонимикалық жүйесінің қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері. Қазақ халқының қалыптасуының күрделі кезеңі XV ғасыр мен ХХІ ғасыр басы. XV ғасырдағы қазақ халқының қалыптасуы Қазақ мемлекетінің бой түзеген уақыты. Аталған тарихи кезеңдерде пайда болған апеллятивтер антропоимдерге өтту. Белгілі бір материалдық мәдениетті сипаттайтын антропонимикалық атауларды арнайы семантикалық ұяшықтарға бөлгенбіз:

Мысалы “Тұрмыс, тұрмысқа қажетті құралдар” семантикалық ұяшығы: Орақ-Орақ(бай), Табақ- Табақ(бай). “Мал шаруашылығы” тақырыбы: Мал- Малбай, бек, Қой- Қой(лы)(бай); Отырықшылық семантикалық ұяшығы: Бидай- Бидай(гүл), (Ақ) Бидай, Сабан – Сабан(бай), “Балық аулау, аңшылық”: Балық – Балық(бай),(бек); “Киім аттары”: Байпақ-Байпақ(бай), Қалпақ- (Ақ)Қалпақ.

Түркі халықтарының рухани мәдениеті туралы айтқан кезде, көне түріктердің өміріндегі пұтқа табынушылықты айта кету керек. Әлемнің барлық халықтары секілді ерте түркілер қоғамдық дамудың бастапқы сатысында пұтқа табынды. Ең ұлысы аспан құдайы – Тенгри болды. Бұл жөнінде Орхондық ескерткіштер – протографтар бар. Ислам дінінің таралуы қазақтардың рухани өміріне айтарлықтай әсер етті. Түріктердің орта ғасырлардағы антропонимиконында араб лексикасының компоненттері көп кездеседі.

Қазақтардың рухани мәдениеті моральдық, өнер, ұнамшылдық ұғымдарымен тығыз байланысты. Көшпелі түркілердің ғасырлар бойы жеке моральдық кодекстері қалыптасып, негізгі ұғымдары ақсақалдардан жас ұрпаққа беріліп отырды. Бұл ұғымдарға ауызекі халық шығармашылығы дәлел. Олардың барлығы заманауи қазақтардың антропонимиконында көрсетілген. Мысал ретінде келесі семантикалық ұяшықты қарастырайық:

“Пұтқа табынуға байланысты”: Тенгри (Танир)- Тәңір(бай), (берген), “Исламға байланысты”: Алла(х)- (Габд)олла, Алла(берген), Мұхаммед- (Әл)мағамбет, Маханбет, (Аль)Мұхан, Махан (бай). Мораль, ұнамшылдық семантикалық ұяшығы: Әділет-Әділ(бек), Азат- Азат (бай). “Отбасы, ру, тайпа, халық” семантикалық ұяшығы: Ата- Ата(бек), Аға- Аға(бек). Өнерге байланысты. Өнер(бек), Сымбат(гүл).

Мұсаев К.М. заманауи қазақ есімдерін зерттеу үшін түрік антропонимдерінің бірыңғай жіктелуін қарастырған дұрыс деген пікір айтқан еді [6]. Бұл уақытта әртүрлі принциптер пайдаланылуы мүмкін. Соның бірі- пласттар бойынша жіктеу:

- бастапқы түркі пласт;
- кірме пласт (қазақтардың мәдени, рухани, әлеуметтік, экономикалық байланыстарын көрсетеді).

XIX ғасырдың қазақ есімдерін келесі этнолингвистикалық пласттарға бөлу ұсынылады: 1. Жалпыалтай пласты; 2. Түркі пласты; 3. Қытай, Моңғол, Араб, Славян, Парсы елдерінен енген кірме пласт; 4. Гибридтер; 5. Жаңа қазақша пласт.

I. Жалпыалтай пласты. Қазақ есімдерінің арасында Саттаров Г.Ф. зерттеуі бойынша алтай дәуіріне жататын есімдер жиі кездеседі [7]. Мысалы, Алтын, Алтынай, Алтынбай, Алтыншаш, Алтынбек. Мұндағы алтын сөзі тұңғұс-маньчжур тілдеріндегі алтан, бурят тіліндегі алта(н), моңғол тіліндегі алтн сөздеріне ұқсас, әрі мағыналары бір. Қазақ тілінде бай, моңғол тілінде баян, бурят тілінде баян, тұңғұс-маньчжур тілдерінде баж сөздері де ұқсас. Осыған қатысты есімдер: Байбек, Байболат, Байбөрі, Байтемір, Байбарыс, Байсұлу.

## II. Түрік пласты:

- *көнетүркі пласты*. XX ғасырдан бері қазақ антропонимиконында көнетүркі есімдер бөлек пласты құрайды. Ертеде қазақтар, көптеген тарихшылардың дәлелдеуі бойынша, ислам дініне қарағанда пұтқа табынушылықты көбірек қолдаған. Сондықтан, көбіне сол наным-сенімдерге сай келетін есімдер көптеп кездеседі. В.А. Гордлевский көнетүркі пластын мұсылманға дейінгі деп атап, оның өзінің бірнеше семантикалық антропонимдердің тобын құрайтынын атап өткен [8].

Қазақтардың пұтқа табынушылығымен байланысты қазақ есімдері апеллативті лексика негізінде жасалады. Ең көне қабатты табиғат құбылыстары, көне құдайлардың аттары құрайды. Мысалы: 1) “ай” түбірімен Айтуған, Айсұлу; 2) Күн түбірімен: Күнсұлу, Күнай және т.б.

Егер әйел есімдері қымбат бағалы тастармен, діни сенімдермен байланыстырылса, көнетүркі ер адамдардың есімдері көбіне жануарлар әлемімен байланысты: 1) “қасқыр” түбірімен: Бөрі, Бөрібай, Байбөрі; 2) “Барыс” түбірімен: Барысбек, Барыс және т.б.

Жанұзақов Т.Д. Бөрі, Бөрібай, Қасқырбай, Бөлтірік сияқты есімдердің болуынан ертеде қазақтар қасқырды өздерінің меценаты санаған [4]. Сонымен қатар, зерттелетін пластқа мынадай есімдерді жатқызуға болады: 1) Алпамыс (алп – батыр + мыс – мамыш “батыр”), Еркін (ерк < erk “күш”, “билік” + ін < an “сана” ), Арыстан (ар “каштан”, арсіл+ ан “аң”); 2) Ораз (orus//rus “бақыт”), Құттыбай (құтты “бақыт, бақыты”+бай) және т.б.

Сонымен, көнетүркі қазақ есімдерін талдау кезінде олардың ертеде қоршаған ортаны көне діни наным-сенімдермен (тотемизм, анимизм және т.б.) қабылдағанын көрсетеді.

- *қазақтардың жеке пласты*

Қазақтардың жеке пластына жататын есімдер тобының шеңбері өте кең. Оларды мынадай екі негізгі топқа жіктеуге болады: 1) адамның материалды немесе рухани өмірі туралы ақпарат беретін есімдер: Балтабай, Ақмоншақ, Дауылбай; 2) адамның жеке тұлғасы туралы ақпарат беретін есімдер: Жайдарбек, Артықбай, Қуандық және т.б. Бізбен зерттелген есімдердің келесі тобы түркі тілдердің көбінде кездесетін, жалпы сөзден туындаған есімдер: Жиенбай, Елікбай, Қаламқас және т.б.

III. Кірме пласт.

- *қытай пласты*. Қытай тілінен енген қазақтардың есімдері бөлек сақталмаған. Оларды қазақ фамилияларында көбірек кездестіруге болады: Жамбыл- “ямынь”- сот, иеленетін орын, Бақсыбай- бақсы+бай- қытай тілінде бақсы – мұғалім, тәлімгер және т.б.

- *моңғол пласты*. Араб-иран пластымен салыстырғандай моңғол пласты кең диапозонда таралмаған. Кеңесбаева С.К., Сарыбаева Ш.Ш зерттеулерінде моңғол-қазақ тілдерін зерттей отыра монголизмнің кіруі олармен көршілес болуымен қатар, моңғолдардың баса-көктеп кіруімен тығыз байланыстырылады. Бұндай антропонимикондарға: Бөкенбай – “бокун”, Жайсан- “зайсан”- “билеуші, басқарушы”, Жирен – “церен” - “ұзақ өмір”.

- *иран (парсы) пласты*. Түркі халықтарының тілдеріндегі иранизм Орта Азия мен Қазақстанды қамтып, арабизмге қарағанда ертерек енді. Ол соғды, тохар тайпаларымен түркі тайпаларының арасында қатынаспен түсіндіріледі. Құрамы бойынша парсы пласты біртекті пластты құрамайды. Парсы сөздерінің бірқатары көптеген қазақ есімдерінің пайда болуының компоненті: жан, гүл, болат және т.б. Мысалы: Гүлзапира, Жания, Тасболат және т.б. Қазақтардың есімдерінің арасында парсы күнтізбесінің атауларымен байланысты: Адина, Дүйсен, Жексенбай сияқты есімдер көп кездеседі. Көптеген парсы атаулары қазақ тілінде деэтимологияға ұшырап, экзотикалық болып естілмейді. Бұл туралы А. Гафуров “Шәкен деген қазақ есімінің парс-тәжіктердің Шахимардан деген атауының өзгерісінің нәтижесі екенін қайдан білуге болады” деп жазған [9].

- *араб пласты*. Араб антропонимиясы қазақтардың есімдерінің қалыптасуында үлкен рөл ойнайды. Араб кірме атаулары тек сыртқы факторларға ғана емес, әлеуметтік-экономикалық, мәдени, этникалық, тілдік үдерістерге қатты әсер етті. В.А. Гордлевский “мұсылмандардың есімдерінің шеңбері тар. Олар көбіне Пайғамбарлардың, сахабалардың аттарын таңдайды: Мұхаммед, Ахмед, Мұстафа, Омар және т.б. Пайғамбардардың есімдері Мұхаммедтің сүннетік амалы ретінде орындалады”. Арабтардан енген есімдерін екі үлкен топқа жіктесе болады: мұсылман дінімен тікелей байланысты: Рахым, Хафиз, Рахман және т.б.; тұрмыстық ауызекі лексикадан пайда болған есімдер: Ақлима (ақыл), Жамиля (әдемі), Манар (маяк) және т.б. Мұсылман дінімен тығыз байланысты есімдерді өз кезегінде 1) “ислам” компонентімен: Ислам, Исламхан, Исламбек және т.б. 2) “дин” – “дін, сенім” компонентімен Ғайнетдин, Низаметдин және т.б. 3) “Алла, улла, олла” – “жалғыз” компоненттерімен: Набибулла, Ниетулла, Абдолла, Хамидолла және т.б. 4) “абд” – “құл, Аллахтың құлы” компонентімен: Әбдуали, Әбдикәрім және т.б. [10].

- *славян және батыс еуропалық пласт*. Орыс тілінен сөздердің енуі 18 ғасырдан басталып, 20 ғасырдың 20-жылдарында ауызекі тілмен қатар, іскерлік хаттармен байланысты. Орысша есімдердің кең таралуы 1940 жылдың 10 қарашасында орыс графикасы негізінде әліпбидің ену уақытымен парапар [11]. Сол жылдары отау құрған аралас ұлт

өкілдері орыс тілінен енген есімдерді көптеп қоя бастады. Кірме аттардың арасында ағылшын, француз, неміс, испан, итальян, грек тілдері де кездесті: 1) Латын, грек тілдеріне жататын орысша есімдер: Марина, Елена, Маргарита және т.б. 2) Батысеуропалық есімдер: Жанна, Эльвира, Марат және т.б. 3) Революциялық оқиғаларды көрсететін атаулар: Клара, Суныяцин, Октябрина және т.б. 4) Ақын, суретші, жазушылардың есімдері: Архимед, Мопассан, Гагарин және т.б. 5) Әдебиет кейіпкерлерінің аттары: Спартак, Изольда, Лаура және т.б. 6) Қала, өзен, тау аттарынан пайда болған есімдер: Марсель, Крым және т.б. 7) Орыс тілінің жалпы есімдерінен пайда болған аттар: Мина, Майор, Совхозбек, Завод және т.б. 8) Қысқартылған сөздерден немесе бірнеше сөздердің тіркесуінен: Ринат, Марлен, Мэлс және т.б.

III. Гибридтер. Моңғол, орыс, араб, парсы пластарының қазақ даласына еркін енуінің арқасында ерлер мен әйелдердің гибридті есімдерінің бірқатары пайда болды: 1) түркі-қазақ компоненті+ араб компоненті: Айғали, Аймағамбет және т.б. 2) араб компоненті+түркі-қазақ компоненті: Ақылбек, Аманбай және т.б. 3) түркі-қазақ компоненті+ парсы компоненті: Айдос, Айзат және т.б. 4) парсы компоненті+ түркі-қазақ компоненті: Анарбек, Базарбай және т.б. 5) араб компоненті+ парсы компоненті: Әлішер, Бақытжан және т.б. 6) парсы компоненті+ араб компоненті: Бабақожа, Жанахмет және т.б.

IV. Жаңа қазақи пласт. Әлеуметтік-саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени өмірдегі өзгерістер қазақ халықының ана тілінің лексика қабаттарының, сөздік қорының дамуына айтарлықтай әсер етті.

Антропонимикалық қор жаңа есімдермен, семантикалық құрылымы бойынша ыңғайлы есімдермен толықтырылды: Әдемі, Әдемай, Әсем және т.б. Нақты көрсетілген материалдар бойынша, есімдердегі ауысулардан қаша алмайтыныз мәлім. Ұрпақтардың ауысуы, заман талабына сай болатын әртүрлі өзгерістер халықтың есімдеріне әсерін тигізеді [12].

Әр ұлттың этносы лексика сияқты ұлттың менталды мәдениетімен байланысты. Антропонимдердің құрамы ұлттық-мәдени спецификаға ие. Ұлттық антропонимика өзінің бай құрамы мен ерекше есімдерге ие [13]. Оларды ғылымда “иллокутивті”деп атайды. Құрылымы бойынша, олар:

- 1) императив-етістік: Куан, Жалғас, Жайна және т.б.
